



**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
Материалдары

2018 жылдың 16-17 ақпаны

II том

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы
III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY,
DEVELOPMENT OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS,
AND MORALITY**

Proceedings
of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume II

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
РҒА ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ
ҚР БҒМ ҒК ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ
М.В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ ММУ ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
материалдары**

2018 жылдың 16 - 17 ақпаны

II том

Астана, 2018

Редакциялық кеңес

Е.Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжігітова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толғамбаева

Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің
Ә43 дамуы: III Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары (2018
жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ баспасы, 2018. – 339 б.

ISBN 978-9965-31-977-8

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының, «Достастық жұлдызы» мемлекетаралық сыйлығының, ҚР тұңғыш президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, Халықаралық «Өмір ағашы» сыйлығының лауреаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің 85 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Философия тарихы, таным теориясы мен ғылым әдіснамасының өзекті мәселелері», «Қазіргі әлемдегі адам және адамгершілік мәселелері», «Ж.М.Әбділдин және диалектикалық логика мен таным теориясы, адам мен адамгершілік мәселелерінің талдануы» секциялары жұмыс жасады.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері мен ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің шығармашылығына қызығушылық танытқан қауымға арналады.

Жарияланып отырған материалдар автор редакциялауымен берілген.

ӘОЖ1/14
КБЖ87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ РАН
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК
КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ МГУ ИМЕНИ М.В. ЛОМОНОСОВА

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

Астана, 2018

УДК1/14
ББК87.0
А43

Редакционный совет

Е.Б. Сыдыков, Д. Камзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжигитова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толгамбаева

А43 Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности: Мат-лы III Междунар. науч.-теорет. конф. (16-17 февраля 2018 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. – 339 с.

ISBN 978-9965-31-977-8

В сборнике представлены материалы III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубаракovich Абдильдина, Лауреата Государственной премии Каз ССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», Лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова.

В рамках конференции работали секции: «История философии, актуальные проблемы теории познания и методологии науки», «Проблема человека и нравственности в современном мире», «Академик Ж.М. Абдильдин и разработка проблем диалектической логики, теории познания, человека и нравственности».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубаракovich Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК1/14
ББК87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

АКАДЕМИК ЖАБАЙХАН ӘБДІЛДИН САЯСИ ПОРТРЕТІ МӘСЕЛЕСІНЕ

*Қалиев Н.
Астана қ.
naubat1045@mail.ru*

Қоғам қайраткері, саясаткердің саяси портретін ғылыми сараптау, анықтау өте күрделі іс, әрі жауапкершілік. Егер саясаткер оның үстіне ғылым өкілі, оның ішінде философия ғылымының өкілі болса, оны дәл анықтау, объективті сипатын беру – киынның киыны деуге болады. Академик танымына беделді қоғам қайраткері Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің саяси портретін беру, анықтау, бағалау осы реттегі шаруа екенін автор жақсы түсінеді.

Саясаткер Ж. Әбділдиннің ең алдымен кеңестің орта, жоғары ғылыми мектептердің желісінде қайшылықты қазанында қайнап, толысып шыңдалған содан да небір қасиетті құндылықтарды, ұстанымдарды байыта қапысыз сіңірген, сол саяси уақыт пен кеңістіктің перзенті. Төл саяси жемісі.

Академик Әбділдиннің ғылыми портреті, ондағы жеңқарлық тынымсыз еңбегі, тамаша, мазмұнды, айшықты жазылып талданған интеллектуалды орта мойындаған үкімет те жоғары бағалаған, айналған рухани жетістік.

Ал қайраткердің саяси портретін келбет ашу әлі де көп ізденуді, өмірбаяны мен қызметіне тереңірек үңілуді қажет ететін өте нәзік, қинамшылдүниелер, қайшылықты пікірлер. Неге?

Біріншіден, Ж. Әбділдин өсіп, қалыптасып, шыңдалған рухани ахуал.

Саяси уақыт пен кеңістік социалистік кеңестік қоғамдық практика өте күрделі, қайшылықты, аумалытөкпелі болды. Жабық қоғам ахуалы сол заманның қайраткерлерінің бүкіл дүниетанымына әсер еткені өз ізімен ықпалын, салмағын таңбасын ұзақ уақыт сақтанғаны – шындық.

КСРО мен кеңестік Қазақстандағы қайраткерлердің саяси келбетінің қалыптасуына СОКП XX съезінен кейінгі саяси-идеологиялық ахуалдың әсер еткені сөзсіз. Ол кезең 60-шы жылдардың «саяси-рухани жылылығы белгісі» деп атанды. Біздің пайындауымызша, Ж. Әбділдин де сол алпысыншы жылдың қатарында еді. Басқаша болуы мүмкін емес.

Жалпы кеңестік кезеңнің тек ақтандықтардан ғана тұрмағандығын Н. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар. Рухани жаңғыру» мақаласында тамаша атап көрсеткен. Президент мыналарды ерекше көрсетіпті: индустрияның дамуы инфрақұрылымы дамыған ғылым мен білім.

Академик Әбділдин сол құрылыстың бүкіл рухани жетістіктерін тамаша, өзіне тән еңбекқорлықпен, ынталылықпен, бойына, санасына, таным-пайымына сіңірді. XX ғасырдың – Абай сөзімен айтқанда «ең бір қиянашыл ғасырдың» жасампаздық, саяси қуғын-сүргіндер, ғылыми жаңалықтар, идеологиялық тартыс-дамайлар болған ғасырдың екінші жартысы - 50 жыл Әбділдиннің қалыптасу, оқу, толысу кезеңі болуы. Ғылым жағында асқарлы асуларды алуы. Сондықтанда қайраткер кеңестік дәуірге сол кездегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық рухани жетістіктерін жоғары бағалап үнемі объективті бағасын береді. Әулетті бағасын айтады.

Осы кезеңде тәуелсіз мемлекет құру, оның қоғамдық құрылысы, әлеуметтік-рухани экономикалық бағдары туралы бүкіл халықтық рухани саладағы тендігінді қозғалысты ғылым мен мәдениеттің С. Зиманов, О. Сүлейменов, Ө. Жәнібеков, М. Қозыбаев, М. Есеналиев, С.Ақатай, Ә. Қайдаров, М. Оспанов, С. Сартаев, М. Шаханов, Мурат Әуезов сынды және осылар мен серіктес, мақсаттас көрнекті қайраткерлердің бастауы да игілікті, ел тарихының жарқын беттері болды.

Осы санаткерлік қуаты мол, саяси тегеурінді, саяси-рухани жағынан кемел интеллектуалдық, планетарлық көлемдегі ойлау мәдениеті бар, аты сол кездегі тек Кеңестер Одағына ғана емес әлемдік философ-ойшылдардың қауымына мәшһүр ғалым, біртуар

философ, ұлтымыздың ерекше тұлғасы – Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдиннің болуы да маңызды құбылыс еді.

Сол 90-жылдардың басындағы еліміз тарихындағы орны бөлек жауапты кезеңде атақты саясаткер Ж. Әбділдиннің мемлекеттік, ұлттық, қауіпсіздік тәрізді ел болашағы үшін қамқор пейіл мен алаңдаушылықтан туған, тереңнен тартқан телегей теңіз ойлары мен сындарлы тұжырымдары күні бүгінге дейін халқымыздың жадында [1]. Кезінде олар ұлттық интеллигенцияның тарапынан зор бағасын алып, еліміздегі саяси реформалар төңірегінде ұлттық-саяси топтасуымызға ықпалын тигізгенін айту, күрескерлік қайраткерлігін айрықша атау – әділетті іс.

Ол уақыт туралы Ж. Әбділдиннің өзі былай дейді (ойды дәлме-дәл беру үшін дәйек сөзді жазылған тілінде беріп отырмыз): «Честно говоря, я никогда не имел стремления заниматься политикой. И если бы не события тех лет. Я вдруг почувствовал, что могу стать и становлюсь участником величайшего события в жизни моего народа. Ну, пусть я напишу еще одну книгу по диалектике, пусть заслужу еще одно почетное звание. Разве сравнимо это с тем, что я становлюсь участником строительства новейшего государства. Это был мой долг гражданина. Мне ничего не нужно больше, так колоссально я был счастлив. Это был апофеоз, вершина, к которой можно идти всю жизнь, и не достичь ее. А судьба мне позволила испытать эту радость. Я это воспринял как благоволение свыше. Теперь я знаю, что все остальное перед этим событием бледно» [2].

Ж.Әбділдиннің өзі де бүкіл философиясы мен көзқарасын төгілдіре, жеткізе жазып, биік европалық мінбелерден тамсана айтып, пір тұтатын кемеңгер Абай айтқандай, «жалын мен оттан жаралған» сол кездегі сөздері, әншейінде салқынқанды, салмақты, биязы, кейде, тіпті, ерекше сақтықпен сөйлейтін, шыдамдылық, байсалдылық немесе толеранттық деген этикалық қағидаларды көп ретте темірқазық етіп ұстайтын қайраткер ұлттық мемлекеттің болашағы, ұрпақ, мәдениет, тіл тағдыры шешілер сол тұста рухани тегеуріні мен әлеуетін, азаматтық үнін айрықша паш етіп, саясаткерлік, төл парламентшілдік принципін, нақты позициясын білдірді, өз көзқарасын жария түрде жайып салып, ұлт сүйіспеншілігінің нұрына бөленді.

Ж. Әбділдиннің саяси қайраткер ретіндегі ең бір басты қасиеті, бұл сірә өз өмір бойы оқып игеріп, пайымдап, тереңдікпен, біріктілікпен дамытқан философия ғылымнан сіңген қасиет болса керек - саяси процестер мен құндылықтарды, саяси қайраткердің әрекетін бағалаудағы ұстамдылығы, байыптылығы, салқынқан-дылығы, суық ақылмен бағалап, саралайтындығы.

Академик өзі ұстаған принциптері де ұстамды, табылуы, кейде тіпті, бірбеткей, яғни желбуаз ұрандарға науқыншыл, популистік іс-әрекеттерге ермей сынға тұрғыдан қарайтындығы – ғылыми мойындалған, танылған қасиет.

Еліміздегі жаңа, кәсіби қос палаталы Парламент Сенатының құрамына 1995-1999 жылдары Алматы қаласынан депутат болып екі мәрте сайланған Ж. Әбділдин алғашқы күннен жоғарғы Палатаның Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитетінің Төрағалығына сайланып, парламенттегі тұңғыш кәсіби сенаторлар қатарында еңбек етті, сөйтіп, еліміздің саяси тарихындағы жаңа жоғарғы өкілетті органның қалыптасуына өз үлесін қосуда. Барлығына сыншы, төреші тарих пен уақыт, қоғамдық тәжірибе.

Он жылдан астам кәсіби сенатор мәртебесін мінсіз, өзіне ғана тән ерекше жауапкершілікпен атқарған Ж. Әбділдиннің парламент ретіндегі келбеті қандай, осы қызметінен алар тағлым қандай? Қазақстан парламентаризмінің қалыптасуына депутаттар корпусындағы қайраткерлік тұлғасын жеке қосқан үлесі қандай пайым-ұстанымдарына?

Бірінші. Еліміздің халықаралық аренада көпвекторлы сыртқы саясат жүргізуіне, халықаралық қауымдастық құрамына енуіне және өзінің қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін нығайтуға қажетті заңнаманы қабылдау жұмысына өзінің жеке үлесі және соған өзі басқарып отырған салалық Комитетті жұмылдыруы. Осы жылдар ішінде аталған салалар бойынша Комитет 400-ден астам заңды Бас комитет мәртебесінде қарап, жетілдіріп, жан-жақты

зерделеп, талқылауды ұйымдастырды, иін қандырып, Палатаның жалпы отырысына әзірлеп шығарды. Олардың қатарында Қазақстанның ұлттық дипломатиялық жүйесін қалыптастыру қажеттіліктерінен туған дипломатиялық қызметі туралы екі заң, шекара, ұлттық қауіпсіздік туралы тағы басқа аса маңызды заңдар бар. Бұл ретте, әсіресе, Ұлттық қауіпсіздік, Қазақстанның қарулы күштері туралы заңның ерекше орнын, олар қамтитын күрделі мемлекеттік мәселелердің түбегейлі реттелуіне Ж. Әбділдиннің жеке үлесі мен терең сарапшылдығын атап өту де орынды. Сол тұста ТМД елдерінің бірде-бірінде болмаған осынау заңның аса маңызды құндылықтарының бірі, тәуелсіздікті түбегейлі бекітудің нақты тетігі – ұлттық қауіпсіздіктің бүкіл жүйесін, принциптерін анықтаумен қоса онда елдің қауіпсіздік саласындағы ұлттық мүдделері жан-жақты да нақты тұжырымдалды.

Екінші. Ж. Әбділдиннің парламентші ретіндегі саяси келбетінің тағы бір басты қасиеті, басты қыры – келіссөздер жүргізудегі шеберлігі, мәмлегерлігі. Мейлі кіммен кездессін: Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысымен, Европалық Одақтың басшыларымен, басқа елдердің президенттері мен үкіметтерінің, парламенттерінің жетекшілерімен, әлем парламентшілері мен дипломатиялық және халықаралық беделді ұйымдар өкілдерімен Қазақстанда немесе шет елдерде кездескенде келіссөз жүргізудегі біздің парламенттің өкілі ретіндегі Ж. Әбділдиннің ең басты ұтар тұсы, әрі артықшылығы – биік интеллектуальды деңгейі, оларды өзіне тартып, ортақ әңгімеге мүдделі етіп қызықтыру шешендігі мен ой тереңдігі болды. Әлем философиясының інжу-маржанын тек қана оқып, меңгеріп, пайымдап қана қоймай, оларға сын көзімен қарап, талдап, жіліктеп, шын асылы мен тазасын қауызынан аршып, екшелеп алып, солардың логикасы мен ойлау жүйесіне сүйенуге әбден, қапысыз машықтанған, осы саладағы ұшан теңіз білімін бір кездегі кеңестік атақты философтар еріксіз мойындаған, әркімнің тісі бата бермес алты том философиялық трактаттар жазған, әлемдегі бүгінгі кез келген саясатшылар, ойшылдар және ғұламалардың қай-қайсысымен болса да ой таластырар биікке көтерілген, ойшыл, логикалық ойлау және сөйлеу дағдысы кемел қалыптасқан әккі парламентші-саясаткер Ж. Әбділдин – еліміз Парламентінің заң шығарушылық қызметі, Қазақстандағы реформалар, ұлтымыздың мемлекеттік мүдделері туралы байсалды да түбегейлі пікір-пайымдары әңгімелері арқылы парламентаралық келіссөздер мен сұхбаттар жүргізудің тамаша мәмлегері биігіне көтерді. Ж. Әбділдин - қашанда талқыланып отырған шаралар бойынша сол елдің ұлы ойшылдарының да терең мағыналы ойларын дәл және орынды да ұтымды пайдаланудың, сұхбатқа қатысушыны өзіне тартып, әңгімеге еріксіз қызықтырып, адами жылы ахуал қалыптастырудың да майталман шебері. Әсіресе, Европа парламентшілері мен Женевадағы Адам құқықтары бойынша халықаралық комиссияның алдында Қазақстандағы демократиялық ахуал мен адам құқықтарының жай-күйі туралы сан рет баяндамалар жасап, Батыс елдеріндегі алды 30-40 жыл сенатор, депутат болған, небір «азуын айға білеген» дейтіндей, парламенттердің талай көкжалдарымен терезесі тең түсіп, еліміз парламентшілерінің биік ұлттық деңгейін көрсетіп, халықаралық бедел-мерейінің артып, танымал болуына тынымсыз еңбек етті.

Әдебиет тізімі

1. Жабайхан Әбділдин. Гибратты өмір. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. – 360 с.
2. Сапарова Г. Интервью с сенатором Ж. Абдильдиным. // Вечерний Алматы. – 2001. – 15 декабря.